ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

16 қазан 2023 жыл №3514-23-00-2/5444 іс Қарағанды қаласы

Қарағанды облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Г. Ондасынованың,
сот отырысының хатшысы А.Абжановтың қатысуымен,
ашық сот отырысында қойылған талап қою бойынша азаматтық істі қарап:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қарқаралы қаласы әкімінің» мемелекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«TEN» мүгедектер қоғамдық бірлестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
- Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Талап қоюшының өкілі А. Қисамиден
Жауапкердің өкілі У.Жаксылыков

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2023 жылғы 13 мамырында талап қоюшы (Тапсырыс беруші) мен жауапкер (Өнім беруші) арасында №75 тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шарты (бұдан әрі - Шарт) жасалған.

Шарттың 2.1, шарттың №1 қосымшасына сәйкес 5000 м2 аумақта аязға және құрғаққа төзімді, мал азығына жарамайтын, көпжылдық көгал тұқымдарын отырғызу және күту (өнгенге дейін отырғызу кезінде мол суару, аптасына кемінде 3 рет суару, арамшөптерді жою және шабу) және көгалдарды отырғызу және күту 2023 жылғы 20 мамырдан кешіктірілмей басталуы керек болған.

Талап қоюшы жауапкерді шарт бойынша міндеттемесін орындамағаны үшін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қою арызымен сотқа жүгінген.

Талап қоюшының өкілі А. Қисамиден талап қою арызда көрсетілген уәждерін қуаттап, қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкердің өкілі талап қоюды мойындамай, «TEN» мүгедектер қоғамдық бірлестігінің жұмысшылары мүмкіндігі шектеулі адамдар болғандықтан, сонымен қатар келісім-шарт бойынша жұмыс атқаратын аумақ, бірлестіктің тіркелген жерінен алыс орналасуына байланысты, жұмысшыларын келісімшарт бойынша жұмыс атқаратын ауданға уақытылы жеткізе алмағандығын көрсетті. 2015 жылғы 20 ақпандағы № 288-V ҚРЗ «Мүгедектердің құқықтары туралы конвенцияны ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен ратификацияланған 2006 жылғы 13 желтоқсанында Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы Нью-Йоркте қабылдаған Мүгедектердің құқықтары туралы конвенцияның 26-бабының 1-тармағында қатысушы мемлекеттер мүгедектерге барынша тәуелсіздікке, толық дене, ақыл-ой, әлеуметтік және кәсіптік қабілеттерге қол жеткізуге әрі оны сақтауына және өмірдің барлық аспектілеріне толық қатысуға және тартуға мүмкіндік беру үшін, оның ішінде басқа да мүгедектердің тарапынан қолдау көрсету арқылы тиімді және тиісті шараларды қабылдайтындығы көрсетілгені жөнінде атап өтті. Сонымен қатар, сотпен «TEN» мүгедектер қоғамдық бірлестігінің жұмысшылары тек мүмкіндігі шектеулі азаматтар екендігі және олардың осы жұмысы жалғыз табыс көзі екендігі ексеріп, талап қоюды қанағаттандырудан бас тартуды өтінді.

<u>ҮӘЖДЕУ БӨЛІГІ</u>:

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (бұдан әрі - АК) 272-бабына сәйкес, міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуы тиіс.

2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 434-V ҚРЗ «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 12-бабының 4-тармағының 3)тармақшасына сәйкес, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Тараптардың арасындағы жасалған шарт бойынша жауапкер жұмыстарды атқармаған, яғни өзіне жүктелген міндеттемені мүлдем орындамаған.

Сондықтан, осы келтірілгендер негізінде сот жауапкердің шарт бойынша міндеттемелерін орындамаған фактісін анықтай отырып, талап қоюшының жауапкерді шарт бойынша міндеттемесін орындамауына байланысты оны мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тануды сұраған талабы заңды және негізді болғандықтан қанағаттандырылуға жатады деп есептейді.

Талап қоюшы осы талап қою арызымен сотқа 2023 жылдың 31 мамырында заңмен белгіленген мерізім ішінде жүгінген.

Документ подписан ЭЦП

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қарқаралы қаласы әкімінің» мемелекеттік мекемесінің жауапкер «TEN» мүгедектер қоғамдық бірлестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

«TEN» мүгедектер қоғамдық бірлестігі мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«TEN» мүгедектер қоғамдық 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мемлекеттік баж сомасы өндірілсін.

Шешімге наразы жақ шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Қарағанды облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қарағанды облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына, АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, апелляциялық шағым беруге, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья: Г.О. Ондасынова

Көшірме дұрыс.

Судья: Г.О. Ондасынова

анықтама

Шешім заңдық күшіне енген күн 21.11.2023 жылы

Судья: Г.О. Ондасынова